## 2009 жылы жекелеген санаттағы қажет ететін азаматтарға әлеуметтік көмек көрсету туралы

### *Күшін жойған*

Павлодар облысы Лебяжі аудандық әкімдігінің 2009 жылғы 17 ақпандағы N 20/2 қаулысы. Павлодар облысы Лебяжі ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 17 ақпанда N 86 тіркелген. Күші жойылды - Павлодар облысы Лебяжі аудандық әкімдігінің 2010 жылғы 22 қаңтардағы N 5/1 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Лебяжі аудандық әкімдігінің 2010.01.22 N 5/1 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы " Заңының 31 бабы 1 тармағы 14 тармақшасының негізінде аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған ауданның жекелеген санаттағы азаматтарына әлеуметтік көмек көрсету туралы (бұдан әрі - Нұсқаулық).
2. Ауданның қаржы бөлімі әлеуметтік төлемдерді уақытылы қаржыландыруды қамтамасыз етсін.
3. Бұл қаулы ресми жарияланғаннан кейін 10 күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізілсін.
4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Н.О.Сағандықовка жүктелсін.

*Аудан әкімі С. Әпсалықов*

Аудан әкімдігінің 2009 жылғы 17 ақпандағы N 20/2 қаулысына қосымша

### Ауданның жекелеген санаттағы азаматтарына әлеуметтік төлем тағайындау туралы НҰСҚАУЛЫҚ 1. Жалпы жағдайы

1. Осы Нұсқаулық Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы " Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы", 1995 жылғы 28 сәуірдегі "Ұлы Отан соғысына қатысқандар мен мүгедектерге және оларға теңестірілген тұлғаларға жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы", 2005 жылғы 13 сәуірдегі "Қазақстан Республикасындағы мүгедектерді

әлеуметтік қорғау туралы" Заңдарына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 20 шілдедегі "Мүгедектерді оңалтудың кейбір сұрақтары туралы" N 754 қаулысына сәйкес жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша ауданның жекелеген санаттағы қажет ететін азаматтарына әлеуметтік көмек көрсету жағдайларын нақтылайды.

## 2. Жекелеген әлеуметтік төлемдерге құқығы бар азаматтардың санаттары

2. Жекелеген әлеуметтік төлемдерді алуға мына азаматтар құқылы:

1) Ұлы Отан Соғысына (ары қарай ҰОС) қатысқандар және мүгедектер, 1941 жылдың 22 маусымынан 1945 жылдың 9 мамырына дейін кем дегенде 6 ай жұмыс істегендер және бұрынғы Одақ ордені және медальдарымен марапатталмағандар, ҰОС қатысып қайтыс болғандардың жұбайларына, ҰОС кезінде қайтыс болған әскери қызметкерлердің қайталап неке құрмаған жұбайларына, ауған соғысына қатысқандар, кәмелетке толмаған концлагерь тұтқындарына, жеңіс күніне орай бірмезгілдік "Қайсарлы еңбегі үшін" медалімен марапатталған тыл еңбектерлері;

2) Жерлеу рәсәмән орындау үшін "Лебяжі ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінде есепте тұрған жұмыссыз статусы бар қатарынан қайтыс болғандар отбасылары;

3) Қосалқы шаруашты жайластыруға және дамытуға арналған 2009-2010 жылдары жоғарғы және орта оқу орындарын бітірген жас мамандар;

4) Дәрі-дәрмек сатып алу үшін 18 жасқа дейінгі кәмелетке толмаған балалары бар мүгедек әйелдер;

5) Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған тұлғалар;

6) Жоспарланбаған өмірлік шығындар және төтенше жағдайларда күн көріс қаражатынсыз қалған азаматтар;

7) Отбасы кіріс белгіленген кедейшілік шегінен аспайтын аз қамтамассыз етілген азаматтар, оларды құжаттандыру үшін;

8) Облыс алдындағы ерен еңбектері бар зейнеткерлер;

9) Қазақстан Республикасы шегінде медициналық мекемелерде квота бойынша тексерілген және емделуді өтіп жатқан азаматтар;

10) Ұлы Отан соғысына қатысқандар мен мүгедектер, дәрі-дәрмек сатып алуға;

11) Облыс әкімінің грантымен оқитын аз қамтамасыз етілген отбасынан және жетім балалар, жылына екі рет оқуын төлеуге;

12) Мүгедек балалар;

13) Амбулаторлық емдеуде жүрген туберкулезбен ауыратындар, 6 ай бойы 5

айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде күшейтілген тамақтануға (бұдан әрі АЕК) және туберкулезге қарсы мекемелерге тегін жетуге;

14) Онкологиялық аурумен ауыратындар, дәрумендеуге және күшейтілген тамақтануға;

15) Ұлы Отан Соғысына қатысқандар мен мүгедектер және оларға теңестірілгендер, тістерін протездеуге;

16) Облыс және аудан әкімдерінің грантымен оқитын студенттердің жолақысына және күнкөрісіне;

17) ЧАЭС авариясының зардаптарын жоюға қатысқандар және ауған соғысына қатысқандар емделуге;

18) Кезеңдік басылымдарға жазуды рәсімдеу үшін ұлы Отан Соғысына қатысқандар мен мүгедектер және оларға теңестірілгендер;

19) "Лебяжі ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінде есепте тұрған жұмыссыздар, кәсіптік оқытуда жүрген уақытта;

20) Тірек-қозғалу аппараты бұзылған және сол диагнозы қойылған балалар;

21) Зейнетақы мөлшері төмен зейнеткерлер, жалғызбасты және жалғыз тұратын қарт адамдар, кәмелетке толмаған концлагерь тұтқындары ҰОС мүгедектерінен айырылғандардың жұбайлары, бейбітшілік кезінде қаза болған жауынгерлердің отбасылары, ҰОС қатысқандар мен мүгедектер, ЧАЭС зардаптарын жоюға қатысқандар, интернационалист жауынгерлер, (2 АЕК) мөлшерінде тоқсан сайын коммуналдық тұрғын қызметі шығындарын өтеуге; жалғызбасты карттар және жұмысқа жарамсыз азаматтар ҰОС қатысқандар, І топ мүгедектері, бірмезгілдік материалдық көмекретінде көмір сатып алуға;

22) Стационарлық емдеуде жүрген туберкулездік аурулар, (5 АЕК) бірмезгілдік көмек;

23) Ауғанстан әскери іс-қимылдарына қатысқандар, Ауғанстаннан әскерлерді шығару күніне орай бірмезгілдік;

24) ЧАЭС зардаптарын жоюға қатысқандар, отанды қорғау күніне орай бірмезгілдік;

25) Ұлы Отан Соғысына қатысқандар мен мүгедектер пәтерлік телефондарының абоненттік төлемді төлеуге;

26) Атаулы әлеуметтік көмек алушылар жеке аула шаруашылығын дамытуға және жем сатып алуға;

27) І, ІІ топ мүгедектері, асыраушысынан айрылуына байланысты жәрдемақы алушылар, азық-түлік бағаларының өсуіне байланысты (2 АЕК);

28) Бейбітшілік уақытта қаза болған жауынгерлердің отбасылары, ЧАЭС зардаптарын жоюға қатысқандар және ауған жауынгерлері, азық-түлік бағаларының өсуіне байланысты тоқсан сайын бірмезгілдік;

29) Ұлы Отан соғысына қатысқандар мен мүгедектер, Жеңіс күніне орай сыйлықтар жиынтығы;
30) Интернационалист жауынгерлер, "Ауғанстанан әскерлерді шығарудың 20 - жылдығына" мерейлік медальдарды сатып алуға;
31) Жүктілігі бойынша 12 аптаға дейін тіркеуге тұрған жүкті әйелдер, тіркеуге ерте тұрғызуды қамту үшін бірмезгілдік;
32) Ұлы Отан соғысына қатысқандар мен мүгедектер, пәтерлерге ағымды жөндеу жұмысын жүргізу;
33) Ұлы Отан соғысына қатысқандар мен мүгедектер, Ұлы Отан соғыс ардагерлеріне жеңілдіктері мен кепілдіктері бойынша теңестірілген тұлғалар (Семей ядролық сынақ полигонына қатысушылар), кәмелетке толмаған концлагер тұтқындары, колледж және жоғарғы оқу орындарының студенттерінің арасындағы тұл жетім мен ата-ана қамқорынсыз қалған жетім балалар, мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушы отбасылары, 18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақы алушы отбасының балалары, бір және одан көп мүгедектері бар отбасылары, 2010 жылғы облыстық және аудандық газеттерге жазылуға.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - Павлодар облысы Лебяжі аудандық әкімдігінің 2009.07.23 N 118/8; 2009.10.27 N 204/10 қаулыларымен.

## 3. Әлеуметтік көмек тағайындау тәртібі

3. Әлеуметтік төлемдер құқығы бар тұлғаларға тағайындалады:
1) 45100700332 бюджеттік бағдарлама негізінде "Жергілікті өкілетті органдар шешімі бойынша жекелеген санаттағы азаматтарға әлеуметтік төлем" бюджеттік бағдарлама және өтініш берушінің толық пакет құжаттарын қарастыру үшін әлеуметтік көмек көрсетуді үйлестіру бойынша аудандық комиссияның шешімі негізінде 2 тармақтың мына тармақшаларында көрсетілген санаттарға 3), 4), 6), 7), 8), 9), 10), 12), 14), 15), 17), 18), 20), 23), 24), 25), 31);
2) Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі "Ұлы Отан Соғысына қатысқандар мен мүгедектерге және оларға теңестірілген тұлғаларға жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы", 2005 жылғы 13 сәуірдегі "Қазақстан Республикасының мүгедектерін әлеуметтік қорғау туралы" Заңдарына сәйкес 1), 5), 11), 13), 16), 19), 21), 22), 26), 28), 30), 32) тармақшаларында көрсетілген санаттарға.

Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - Павлодар облысы Лебяжі аудандық әкімдігінің 2009.07.23 N 118/8 қаулысымен.

## 4. Әлеуметтік көмек алу үшін қажетті құжаттар тізбесі

4. Нұсқаулықтың 1 пунктінде көрсетілген жекелеген санаттағы қажет ететін азаматтар әлеуметтік көмек алу үшін келесі құжаттар қажет:

1) 2 пункттің 1),10),15),18),21),29) тармақшаларында көрсетілген санаттарға - зейнетақы және мемлекеттік орталығының Лебяжілік филиалы ұсынған тізімдерге байланысты, селолық округ әкімдіктері ұсынған тізімдерге, 1941 жылдың 22 маусымынан 1945 жылдың 9 мамырына дейін жұмыс жайлы мәліметі бар құжаттар және еңбек кітапшасының көшірмесі, 1941 жылдың 22 маусымынан 1945 жылдың 9 мамырына дейін әскери қызметкезеңі жайлы мәліметі бар анықтама немесе әскери билет, (ӘЖК) әлеуметтік жеке коды;

2) 2 пункттің 6), 7) тармақшаларында көрсетілген санаттарға - аталған әлеуметтік төлемдерді алуға құқығы бар тұлғаның өтініші, шотының номірі, СТН-ның жеке куәлігінің көшірмесі, азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі селолық округі әкімдігі құрған өтініш берушінің отбасының тұрмыстық жағдайын тексеру актісі, жұмыс істейтін отбасы мүшесінің кірісі жайлы анықтама, отбасының жұмыс істемейтін мүшелеріне жұмыспен қамту бөлімінен анықтама, (ӘЖК) әлеуметтік жеке коды;

3) 2 пункттің 2) тармақшада көрсетілген санаттарға - жерлеуді жүзеге асырып жүрген туысқанынан өтініш, шотының нөмірі, СТН, жеке куәлігінің көшірмесі, қайтыс болғанның қайтыс болуы жайлы куәлігінің көшірмесі және статусын дәлелдейтін аңықтама, (ӘЖК) әлеуметтік жеке коды;

4) 2 пункттің 3) тармақшада көрсетілген санаттарға - осы әлеуметтік төлемді алуға құқылы тұлғаның өтініші, шоты, СТН–ны жеке куәлігінің көшірмесі, ЖОО немесе ООО бітіргені жайлы дипломның көшірмесі, жұмысқа қабылданғаны жайлы бұйрық, (ӘЖК) әлеуметтік жеке коды;

5) 2 пункттің 4) тармақшада көрсетілген санаттарға - тұлғаның жеке шоты көрсетілген өтініші, СТН-ны, жеке куәлігінің көшірмесі, тұрғылықты жерден анықтама, мүгедектік туралы шешімнің көшірмесі, кәмелетке толмаған баларының тууы туралы куәліктерінің көшірмесі, (ӘЖК) әлеуметтік жеке коды;

6) 2 пункттің 5) тармақшада көрсетілген санаттарға - тұлғаның жеке шоты, СТН-ны көрсетілген өтініші, жеке куәлігінің көшірмесі, бас бостандығынан айыру мекемесінен босатылғаны жайлы аңықтамасының көшірмесі, (ӘЖК) әлеуметтік жеке коды;

7) 2 пункттің 7) тармақшада көрсетілген санаттарға - аталған әлеуметтік төлемді алуға құқығы бар тұлғаның өтініші, жеке шотының нөмірі, СТН-ның, жеке куәлігінің көшірмесі, селолық округ әкімдігі жасаған өтініш берушінің отбасының тұрмыстық жағдайын тексеру актісі, өрттің, басқа да зардаптан пайда болған шығымды растайтын құжат немесе тұрғындардың әлжуаз топтарына әлеуметтік көмек көрсетуді үйлестіретін комиссияның жағдайдың жоспардан тыс екені жайлы шешімі, (ӘЖК) әлеуметтік жеке коды;

8) 2 пунктің 9) тармақшада көрсетілген санаттарға - аталған көмекті алуға құқығы бар тұлғаның жеке есеп шоты көрсетілген өтініші, СТН-ны, жеке куәлігінің көшірмесі, денсаулық сақтау басқармасының жолдамасы, емделуден немесе тексерістен өткенін нақты дәлелдейтін құжаттың көшірмесі, екі жақты билет пайдаланылған, (ӘЖК) әлеуметтік жеке коды;

9) 2 пунктің 11), 16) тармақшаларында көрсетілген санаттарға – студенттің жеке есеп шоты көрсетілген өтініші, СТН-ны, оқытуға арналған студентпен 3 жақты құрылған жоғарғы оқу орнының шартының көшірмесі, (ӘЖК) әлеуметтік жеке коды;

10) 2 пунктің 12) тармақшада көрсетілген санаттарға - азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі және 3 ТМО-мен келісілген жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің тізіміне байланысты, (ӘЖК) әлеуметтік жеке коды;

11) 2 пунктің 13), 22) тармақшаларында көрсетілген санаттарға – аталған әлеуметтік көмекті алуға құқылы тұлғаның жеке есеп шоты көрсетілген өтініші, СТН-і, жеке куәлігінің көшірмесі, туберкулезге қарсы ауруханадан анықтама, екі жақты билеттері, (ӘЖК) әлеуметтік жеке коды;

12) 2 пунктің 14) тармақшада көрсетілген санаттарға - аталған әлеуметтік көмекті алуға құқылы тұлғаның жеке есеп шоты көрсетілген өтініші, СТН-і, жеке куәлігінің көшірмесі, онкологиялық ауруханадан анықтама, (ӘЖК) әлеуметтік жеке коды;

13) 2 пунктің 17), 23), 24), 28), 30) тармақшаларында көрсетілген санаттарға – азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі және 3 ТМО мен келісілген жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің тізіміне байланысты, (ӘЖК) әлеуметтік жеке коды;

14) 2 пунктің 19) тармақшада көрсетілген санаттарға - аталған әлеуметтік көмекті алуға құқылы тұлғаның жеке есеп шоты көрсетілген өтініші, СТН-і, жеке куәлігінің көшірмесі, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінен анықтама, (ӘЖК) әлеуметтік жеке коды;

15) 2 пунктің 20) тармақшада көрсетілген санаттарға - аталған әлеуметтік көмекті алуға құқығы бар тұлғаның жеке есеп шоты көрсетілген өтініші, СТН-і, жеке куәлігінің көшірмесі, азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі, дәрігерлік-кеңес комиссиясының анықтама көшірмесі, (ӘЖК) әлеуметтік жеке коды;

16) 2 пунктің 21) тармақшада көрсетілген санаттарға - аталған әлеуметтік көмекті алуға құқығы бар тұлғаның жеке есеп шоты көрсетілген өтініші, СТН-і, жеке куәлігінің көшірмесі, азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі, статусын растайтын куәліктің көшірмесі, (ӘЖК) әлеуметтік жеке коды;

17) 2 пунктің 25) тармақшада көрсетілген санаттарға - аталған әлеуметтік

көмекті алуға құқығы бар тұлғаның жеке есеп шоты көрсетілген өтініші, СТН-і, жеке куәлігінің көшірмесі, азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі, телефоны бар екендігін растайтын құжат, энерго орталығынан электр жүйесін төлеуге арналған шот, (ӘЖК) әлеуметтік жеке коды;

18) 2 пунктің 26) тармақшада көрсетілген санаттарға - аталған әлеуметтік көмекті алуға құқылы тұлғаның жеке есеп шоты көрсетілген өтініші, СТН-і, жеке куәлігінің көшірмесі, материалды-тұрмыстық жағдайының актісі, селолық округ әкімінің қолдаухат, 3 жақты шарт, статусын нақтылайтын құжат, (ӘЖК) әлеуметтік жеке коды;

19) 2 пунктің 27) тармақшада көрсетілген санаттарға - аталған әлеуметтік көмекті алуға құқылы тұлғаның жеке есеп шоты көрсетілген өтініші, СТН-і, жеке куәлігінің көшірмесі, азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі, асырап алуы жайлы шешімнің көшірмесі, мүгедектігі туралы анықтама, (ӘЖК) әлеуметтік жеке коды;

20) 2 пунктің 31) тармақшада көрсетілген санаттарға - аталған әлеуметтік көмекті алуға құқылы тұлғаның жеке есеп шоты көрсетілген өтініші, СТН-і, жеке куәлігінің көшірмесі, азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі, жүктілік мерзімі көрсетілген медециналық мекемеден анықтама, (ӘЖК) әлеуметтік жеке коды;

21) 2-ші тармақтың 32)-тармақшасында көрсетілген санаттарға – аталған әлеуметтік көмекті алуға құқылы тұлғанын жеке есеп шоты көрсетілген өтініші, СТН-і, жеке куәлігінің көшірмесі, азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі, селолық округ әкімінің атынан тұрмыс жағдайын тексеру актісі, (ӘЖК) әлеуметтік жеке коды;

22) 2-тармақтың 33)- тармақшасында көрсетілген санаттарға - өтініш, жеке куәлігінің көшірмесі, СТН көшірмесі, ӘЖК көшірмесі, азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі, тұлғасын растайтын анықтама көшірмесі, "Казпочта" АҚ-да ашылған жеке шотының көшірмесі, (ӘЖК) әлеуметтік жеке коды.

Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - Павлодар облысы Лебяжі аудандық әкімдігінің 2009.07.23 N 118/8; 2009.10.27 N 204/10 қаулыларымен.

## 5. Есеп және есеп беру

5. Әлеуметтік төлемдер жөніндегі мәселесі шешілетің (хаттамалар, тексеру актілері, анықтамалар, тізімдер және т.б) алғашқы құжаттар үш жыл бойы " Лебяжі ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінде сақталады.

6. "Лебяжі ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" ММ ай сайын 20-сы күніне Лебяжі ауданының "қаржы бөлімі" ММ бюджеттік бағдарламалар бойынша әлеуметтік төлемдер үшін қажет қаражат

туралы тапсырыс ұсынады.

7. "Лебяжі ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бөлімі" мемлекеттік мекемесі "Лебяжі ауданының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесіне әлеуметтік төлемге қаражатты қолданғаны туралы есеп ұсынады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК